



ХҒТАР 11.41.41  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2026-154-1-64-77>

## Заманауи Қазақстандағы дін мен саяси идеологияның өзара ықпалы

М.М. Нуров\*<sup>1</sup>, Е.К. Алияров<sup>2</sup>, Т.М. Дузбаев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Тұран университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығы, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: markhabbatnur@gmail.com, aliyarov56@mail.ru, dtusubzhan@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада заманауи Қазақстан қоғамындағы діннің идеологиялық кеңістіктегі рөлі мен ықпалы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу посткеңестік кезеңнен кейінгі рухани және әлеуметтік өзгерістер контекстінде дінді қазіргі қоғамның мәдени және саяси өміріндегі маңызды фактор ретінде сипаттайды. Авторлар діннің сенім мен дәстүр шеңберінен шығып, қоғамдық сана мен ұлттық идеологияны қалыптастырушы әлеуметтік институтқа айналғанын көрсетеді.

Мақалада діни ұйымдардың институционалдану үдерістері, конфессиялық кеңістіктің динамикасы және олардың зайырлы мемлекет жағдайындағы қызметі талданады. Қазақстанның діни жүйесі үш деңгейде жүйеленеді: дәстүрлі діндер (ислам, православие), тарихи тұрғыда орныққан конфессиялар (католицизм, протестантизм, буддизм) және тәуелсіздік жылдарында таралған жаңа діни қозғалыстар. Ислам мен христиандық арасындағы мәдени сұхбат пен конфессияаралық үйлесім ұлттық тұрақтылық пен рухани қауіпсіздіктің маңызды тетігі ретінде бағаланады.

Зерттеуде діннің идеологиялық және саяси қызметі трансұлттық кеңістік контекстінде қарастырылып, сыртқы діни орталықтармен байланысы мен ықпалы сарапталады. Авторлар дінді тек рухани феномен емес, сонымен қатар идеологиялық және мәдени саясаттың құрамдас бөлігі ретінде түсіндіреді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – дінді қазіргі қазақстандық қоғамның идеологиялық құрылымында трансұлттық сипаттағы әлеуметтік және саяси фактор ретінде зерделеуде.

Алынған нәтижелер діни саясат, рухани қауіпсіздік және идеологиялық тұрақтылықтың өзара байланысын түсінуге теориялық және қолданбалы негіз ұсынады.

**Түйін сөздер:** дін, идеология, трансұлттық ықпал, ұлттық бірегейлік, рухани қауіпсіздік, зайырлы мемлекет, әлеуметтік тұрақтылық, конфессияаралық келісім.

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.02.2026; Онлайн қолжетімді: 30.03.2026

## Кіріспе

Коммунистік идеологияның ыдырауы және атеистік дүниетанымның әлсіреуі нәтижесінде қоғамда рухани және моральдық вакуум пайда болып, осы жағдай діни сана мен дәстүрлі рухани құндылықтардың қайта жаңғыруына түрткі болды. Посткеңестік кезеңдегі Қазақстан қоғамында діннің идеологиялық феномен ретінде қалыптасу ерекшеліктері және оның қоғамдық санаға, ұлттық бірегейлікке және құндылықтық жүйелерге ықпалы күшейді.

Коммунистік идеологияның ыдырауынан заманауи Қазақстан еліне жаһандану және әлемдік тәртіптің өзгеру жағдайында дін, саясат, идеологияға, әсері саяси фактор ретінде қайтадан маңызды орын алуда. Дінді тек жеке, рухани немесе әдет ғұрыптық ретінде ғана түсінетін дәстүрлі көзқарастар бүгінгі таңда өз орнын дінді идеологиялары, институттары және тәжірибелер жүйесі ретінде қарастыратын, ұлттық шекаралардан тыс ықпал ете алатын күрделі және бейімделгіш тұжырымдамалар ретінде қарастырылуда [1].

Зерттеу нәтижелерінде дін мен идеологияның өзара байланысын, мәдени саясаттың даму бағыттарын және жаһандану жағдайындағы рухани қауіпсіздік мәселелерін кешенді түрде зерделеуге теориялық-тәжірибелік негіз бола алатынын көруге болады.

Дін мәселесіне деген қызығушылықтың жылдан жылға артуы ең алдымен, діни институттар мен ұйымдардың елдің әлеуметтік-мәдени және саяси өміріндегі рөлінің күшеюімен байланысты. Егер кеңестік кезеңде Қазақстан негізінен көпұлтты және көпэтносты мемлекет ретінде сипатталса, посткеңестік дәуірде ол көпконфессиялы қоғамға айналды. Бұл үдеріс діни алуантүрліліктің кеңеюімен қатар, конфессияаралық диалогты сақтау, діни қайшылықтардың алдын алу және қоғамдық тұрақтылықты нығайту қажеттілігін айқындады. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың 17-18 қыркүйек күндерінде Астанада өткен «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезінде»: «Қазақ даласында әлемдегі ең негізгі діндер мен конфессиялардың барлығы дерлік тараған және бір-бірімен жарасым тапқан. Біз қазіргі Қазақстанда да осы игі дәстүрді сақтап, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді саламыз. Еліміздің этносаралық және дінаралық келісімді нығайтуда тәжірибесі мол» [2] – деп Қазақстанның бұл бағыттағы моделінің ерекшелігін көрсетіп, халықаралық қауымдастықтағы өзіндік рөлін айқындап берді.

Ал заманауи жаһандану жағдайында еліміздегі діни жағдайды жүйелі түрде зерттеу, діни бірлестіктердің даму динамикасы мен институционалдық ерекшеліктерін талдау қажеттілігі артып келеді, себебі конфессиялық айырмашылықтар көбіне әлеуметтік және саяси қақтығыстардың көзіне айналуда. Осыған байланысты дін мен мемлекеттің, дін мен қоғамның өзара іс-қимылын зерттеу, сондай-ақ діни келісімді қамтамасыз етудің тиімді заманауи жүйені әзірлеу аса маңызды, сонымен бірге геосаяси мүдделер мен мәдени өркениеттер тоғысқан аймақта орналасқан қазіргі Қазақстан діннің мемлекет пен қоғам идеологиялық құрылымының қалыптасуындағы рөлін зерделеу үшін бірегей кеңістік болып табылады. Қазақстандағы мұсылман, христиан және өзге діни қауымдастықтар ішкі әлеуметтік-саяси институттармен өзара байланыста болумен қатар, белгілі бір идеологиялық бағыттар мен үлгілерді тарататын жаһандық желілерге де тартылған. Геосаяси тұрғыдан Қазақстанның орналасуы – Шығыс пен Батыстың тоғысында, тұрақсыз аймақтарға жақын болуы – рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен радикализмге қарсы іс-қимыл мәселесін барынша өзекті етеді [3,4].

Бұл бағытта ерекше назар аударатын діни экстремизм мәселесіне де тоқталамыз. Себебі, жаһандық өзгерістер мен өңірлік қауіп-қатерлер жағдайында бұл құбылыс барған сайын халықаралық сипат алып отыр.

Жаһандану және әлемдік тәртіптің өзгеру жағдайында біздің елімізде де дін тақырыбы ерекше өзектілікке ие бола отырып, ғылыми, қоғамдық және саяси талдаудың маңызды зерттеу нысанасына айналуда. Зерттеудің мақсаты – діннің қазіргі Қазақстанның идеологиялық кеңістігіндегі алатын орнын айқындау, оның әлеуметтік-мәдени және саяси үдерістерге ықпал етуші күш ретінде талдау. Зерттеу барысында діннің рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени және интеграциялық функциялары қарастырылып, оның ұлттық идеологияны қалыптастырудағы рөлі зерделенеді.

### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Зерттеудің әдістемелік негізін объективтілік, тарихи сабақтастық және жүйелік талдау қағидаттары құрайды. Бұл тәсіл дінді тек рухани-адамгершілік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сана мен ұлттық идеологияның қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік және мәдени феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Талдау барысында тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-функционалдық, социомәдени және герменевтикалық әдістер кешенді түрде пайдаланылды.

Тарихи-салыстырмалы әдіс діннің эволюциялық дамуын және кеңестік дәуірден кейінгі қоғамдағы оның трансформациясын пайымдауға мүмкіндік берді. Құрылымдық-функционалдық тәсіл дінді әлеуметтік институт ретінде зерделеуге, оның идеологиялық және құндылықтық функцияларын ашуға бағытталды. Ал социомәдени және герменевтикалық талдау діннің символдық мазмұны мен мәдени мағынасын, рухани жаңғыру процестерімен байланысын түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістері өзара үйлесімді және пәнаралық сипатқа ие. Дін социологиясы, мәдениеттану, философия және саясаттану салаларындағы ғылыми тәсілдер өзара ықпалдастырылып, кешенді аналитикалық синтез жасалды. Мұндай әдістемелік тәсіл қазіргі Қазақстандағы діни сананың құрылымдық ерекшеліктерін, діни институттардың қоғаммен байланысын және діннің идеологиялық кеңістіктегі орнын терең түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында дін мен идеологияның өзара байланысы нақты эмпирикалық және теориялық деректер негізінде қарастырылып, олардың ұлттық бірегейлік пен рухани қауіпсіздік жүйесіне ықпалы ғылыми тұрғыда пайымдалды. Бұл әдістемелік ұстаным зерттеудің тұжырымдық нәтижелерінің дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу материалдары қазіргі Қазақстандағы діни процестердің әлеуметтік және идеологиялық контекстін қамтитын ресми құжаттар, стратегиялық бағдарламалар, діни бірлестіктердің қызметі жөніндегі статистикалық деректер, сондай-ақ ғылыми әдебиеттер мен сараптамалық баяндамаларға негізделді. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы, Президенттің ресми баяндамалары мен халықаралық форумдардағы сөздері (соның ішінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездеріндегі тұжырымдамалық идеялар) зерттеу материалы ретінде қарастырылды.

## Зерттеудің тарихы

Тарихи тұрғыдан қалыптасқан этносаралық және конфессияаралық өзара іс-қимыл дәстүрлері, сондай-ақ еуразиялық менталитеттің ерекшеліктері Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтауға септігін тигізіп келеді. Ел басшылығы жүргізіп отырған бейбітшілік пен толеранттылық саясаты азаматтық келісім мен конфессияаралық тепе-теңдікті сақтаудың басты факторы болып табылады. Қазіргі кезеңде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – этносаралық өзара түсіністікті нығайту ғана емес, Қазақстандағы екі негізгі дін – ислам мен христиандық және басқа діндердің арасындағы діни келісімді жүйелі түрде дамыту. Бұл діндердің Еуразия құрлығындағы ірі суперэтностың – түркі және славян халықтарының рухани дәстүрлерін бейнелейді [5].

Зерттеудің әдістемелік негізін объективтілік пен тарихи қағидаларды талдау мен синтез әдістері қолдануды талап етеді. Бұл дінді тек рухани-адамгершілік феномен ретінде ғана емес, сонымен қатар заманауи Қазақстандағы қоғамдық сана мен ұлттық бірегейліктің қалыптасуына ықпал ететін маңызды идеологиялық және әлеуметтік-мәдени фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [6].

Коммунистік идеологияның жойылуы мен атеистік қағидааттардан бас тартудан кейін заманауи қазақстандық қоғам моральдық және рухани вакуум жағдайында қалып қоймай, сонымен қатар құндылықтық бағдарларды қайта пайымдауды және жаңа дүниетанымдық негіздерді іздеуді қажет етті. Осындай жағдайда этномәдени өзіндік сана мен діни идеологияның қайта жандануы басталып, ол салыстырмалы түрде қысқа тарихи кезең ішінде мәдени және қоғамдық өмірдің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. ХХІ ғасырлар тоғысында жаһандану мен рухани трансформация үдерістерінің үдеуі аясында дінге деген қызығушылықтың артуы байқалады. Заманауи дін рухани өзін-өзі сәйкестендіру мен тұлғаның адамгершілік тұрғыда тұрақтануының маңызды факторы ретінде көрініс табуда. Әсіресе посткеңестік кеңістікте мұндай діни ренессанс айқын сезіледі, онда соңғы онжылдықтардағы діни үдерістер терең әлеуметтік-мәдени және идеологиялық қайшылықтар жағдайында дами бастады. Кеңестік кезеңде адамның рухани әлемі коммунистік идеологияның ықпалында болды, ол дінді дүниетанымдық жүйе ретінде жоққа шығарып, оны таптық қағидааттар мен материалистік догмаларға бағындырды. Алайда кеңестік жүйенің ыдырауымен бірге рухани жаңғырудың, жеке және ұжымдық бірегейлікті іздеудің, тарихи-мәдени және діни дәстүрлерді қайта қалпына келтірудің белсенді үдерісі басталды [7].

Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан контекстінде бұл құбылыс діни «ренессанс» түрінде көрініс тауып, қоғамның рухани негіздерін жаңғыртуға, жаңа құндылықтар жүйесін және идеологиялық бағдарламаларды қалыптастыруға ұмтылысын білдіруде. Дінді әлеуметтік және идеологиялық феномен ретінде қайта жаңғырту қазіргі зерттеудің өзектілігін айқындайтын бұл мақала діннің қазіргі заманауи Қазақстан идеологиясының қалыптасуына тигізетін рөлін және ықпалын ғылыми тұрғыда зерделеуге бағытталған.

Қазақстан қоғамының даму ерекшеліктерінің бірі – діннің әлеуметтік-саяси өмірдегі рөлі мен ықпалының елеулі түрде артуы болып табылады. Жылдан жылға елімізде діннің беделі мен мәртебесі жоғарылап, оның әлеуметтік, мәдени және идеологиялық функциялары кеңейіп, сенушілер мен діни бірлестіктердің саны ұлғаюда. Дінге деген қызығушылық көбіне оның моральдық-нормативтік әлеуетімен, яғни тұлғаның рухани

және адамгершілік дамуындағы рөлімен түсіндіріледі. Дегенмен, кейбір зерттеушілер бұл құбылысты идеологиялық вакууммен байланыстырады: Лениндік-маркстік идеологияның ыдырауынан кейін қоғамда діни идеологияның рөлі күшейді. Көптеген этникалық топтар үшін діни рәсімдер мен салт-дәстүрлер жеке сенімнің ғана емес, этникалық мәдениет пен тарихи мұраның құрамдас бөлігі ретінде көрініс тапты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы діни бірлестіктер өз қызметін кеңейтуге және институционалдық дамуға айтарлықтай мүмкіндіктер алды. 1995 жылғы Конституцияда мемлекет зайырлы деп жарияланса да, сенім бостандығы әрбір азаматтың негізгі құқығы ретінде бекітілген. Соңғы он төрт жыл ішінде Қазақстан түрлі этнос өкілдері арасында бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етіп, дінаралық және этноаралық үйлесімділіктің тұрақты моделін қалыптастырды [8].

Осылайша, дін Қазақстан қоғамында тек рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырушы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және идеологиялық өмірдің маңызды факторына айналды. Сол себепті діннің қазіргі Қазақстан идеологиясының қалыптасуына тигізетін ықпалын ғылыми тұрғыда талдау өзекті болып табылады.

Қазіргі діни зерттеулерде діннің саяси және әлеуметтік контекстегі рөлін сипаттау үшін жиі қолданылатын ұғым – трансұлттылық. Бұл ұғым діннің ұлттық мемлекет шеңберінен шығып, жаһандық ықпал етуші факторға айналу қабілетін білдіреді. Дін келесі үш бағытта көрініс табады:

Дүниетанымдық жүйе ретінде – құндылықтарды, мінез-құлық нормаларын және саяси бағдарларды қалыптастырады;

Институционалдық желі ретінде – мешіттер, шіркеулер, діни мектептер мен қорлар сияқты ұйымдар арқылы халықаралық қатынастардың субъектісіне айналады;

Трансұлттық дискурс ретінде – сенушілер, ғалымдар, діни қайраткерлер мен мемлекеттік құрылымдарды ортақ символдар, мәтіндер және идеологиялар арқылы біріктіреді.

Зерттеуде «саяси дін» (political religion) тұжырымдамасына назар аударылады. Бұл ұғым билікті заңдастыру және бұқараны жұмылдыру мақсатында діни рәміздер мен құрылымдарды пайдаланатын идеологияларды сипаттау үшін қолданылады (Карл Шмитт, Эрих Фёглин және т.б.).

## **Нәтижелер мен талқылаулар**

Қазақстандағы конфессиялық құрылым тарихи кезеңдер бойы әртүрлі тілдік және этникалық қауымдардың бірлескен өмір сүру тәжірибесі қалыптасып, аймақтың этноконфессионалдық тұрақтылығы мен өзіндік әлеуетімен ерекшеленеді. Елдің географиялық орналасуы оның рухани-тарихи маңызын арттырады: Қазақстан көбінесе «әртүрлі өркениеттер тоғысқан аймақ» деп аталып, шығыс пен батысты біріктіретін стратегиялық орталық ретінде қарастырылады. Заманауи Қазақстан жерінде әртүрлі сенім жүйелері мен діни ағымдар дамып, өзара ықпалдастықта қалыптасқан. Евразиялық кеңістікте ислам мен христиандық сияқты екі ірі дүниежүзілік діннің тоғысуы байқалса, ал олардың Қазақстандағы басқа діндермен бейбіт қатар өмір сүруі аймақтық тұрақтылық пен әлеуметтік үйлесімділіктің маңызды факторы болып табылады [9].

Тарихи дамудың нәтижесінде заманауи Қазақстан әртүрлі діндер мен идеологиялық ағымдардың тоғысу алаңы ретінде ерекшеленді. Әр түрлі тарихи сенімдер ыдырап, әлемдік және ұлттық діндердің пайда болуы қоғам өміріндегі діни идеялардың кең таралуына және олардың мәдени-рухани ықпалының күшеюіне әкелді.

Қазіргі кезеңде Қазақстандағы діни бірлестіктерді үш негізгі топқа жіктеуге болады. Бірінші топ – дәстүрлі діндер, елдің мәдени-тарихи мұрасын айқындайтын ұзақ мерзімді тұрақтылыққа ие ислам және православие. Екінші топ – тарихи тәжірибесі бар, елде ұзақ мерзімді қызмет атқарған діндер: рим католицизмі, протестантизм, буддизм. Үшінші топ – 1990 жылдардан бастап дамып келе жатқан жаңа діни ағымдар мен трансұлттық желілер.

Осы классификация қазіргі Қазақстандағы діни ландшафттың әлеуметтік, мәдени және идеологиялық функцияларын зерттеуге мүмкіндік беріп, трансұлттық діни желілердің елге әкелетін саяси заманауи идеология мен ұлттық бірегейлікті сақтау арасындағы тепе-теңдікті ғылыми тұрғыдан талдаудың негізін құрайды.

Заманауи Қазақстан – ресми түрде зайырлы мемлекет. Алайда, діннің шынайы қоғамдық-саяси жүйедегі орны оның ұлттық бірегейлік, қоғамдық құндылықтар және сыртқы саяси басымдықтарды қалыптастырудағы елеулі ықпалын көрсетеді. Трансұлттық діни құрылымдардың әсері бірнеше бағытта байқалады: трансшекаралық байланыстар арқылы идеологиялық ықпал Қазақстандағы мұсылман қауымдастықтары, әсіресе сүнниттік (ханафи мазхабы) бағыттағы топтар Түркия, Сауд Арабиясы, Мысыр және басқа елдердегі діни орталықтармен тығыз байланыста. Бұл байланыстар әр түрлі жолдармен жүзеге асады: имамдарды шетелде оқыту; діни уағыздар, баспа құралдары және әлеуметтік желілер арқылы таратуда.

Аталған арналар саяси идеологиялық механизмдеріне айналып, Қазақстанды жаһандық үмбеттің бір бөлігі ретінде қабылдауға және ішкі діни саясатқа сырттан ықпал етуге жол ашады.

#### *Конфессиялық институттар – идеологиялық субъектілер*

Қазақстандағы әртүрлі діни конфессиялардың институттар – идеологиялық субъектілер қалыптасуы мен өзара қатар өмір сүруі өзекті мәселе болып табылады және оны жүйелі ғылыми зерттеу қажет етеді. Әлеуметтік-құқықтық және саяси жағдайдың жаһандық діни трансформациялар аясында күрделенуі діни алауыздық пен экстремизмнің, фанатизмнің туындау қаупін арттырады. Бұл діни бірлестіктердің жағдайын, олардың дамуын жан-жақты талдауды және олардың мемлекеттік институттар мен қоғаммен өзара әрекеттесу формаларын зерттеуді талап етеді.

Тарихи қалыптасқан этноаралық және конфессиялық өзара әрекеттесу дәстүрлері, еуразиялық, славяно-түрік менталитетінің ерекшеліктері, сондай-ақ ел басшылығының ұтымды ішкі және сыртқы саясаты республикадағы әлеуметтік-саяси тұрақтылықты салыстырмалы түрде қамтамасыз етеді. Қазіргі жағдайда Қазақстан мемлекеттік саясатының басым міндеттерінің бірі тек этностар арасындағы келісімді сақтау және нығайту ғана емес, сонымен қатар діни шыдамдылықты дамыту, конфессиялар арасындағы келіссөздер мен үйлесімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Осы контексте еліміздегі басқа діндердің ислам мен христиан діндерімен қатар өмір сүруі ерекше мәнге ие – бұл қазіргі заманға сай негізгі дін еуразиялық континенттегі этностарының рухани дәстүрлерін ерекшелігін көрсетеді.

Осы тәсіл діни құбылысты тек рухани-негізгі феномен ретінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі бүгінгі Қазақстандағы қоғамдық сана мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға әсер ететін маңызды идеологиялық фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мешіттер, исламдық қорлар, медреселер мен ҮЕҰ тек діни құрылымдар ретінде ғана емес, сонымен қатар саяси бағдарлар мен мәдени тәжірибелерді қалыптастыратын идеологиялық байланыстар ретінде әрекет етеді. Олардың кейбірі халықаралық ислам қозғалыстарымен байланысты, бұл құрылымдардың қызметі конструктивті де, деструктивті де сипатта болуы мүмкін (радикалдану қаупіне дейін) [10].

Қазіргі Қазақстандағы діннің рөлін талқылағанда экстремизм мәселесін де қарастырмай кету мүмкін емес. Қырғи қабақ соғыстың аяқталуынан кейін адамзат жаңа жаһандық қауіп-қатерге – халықаралық экстремизмнің агрессивті көріністеріне тап болды, бұл мемлекеттер мен әр түрлі аймақтардың тұрақтылығына айтарлықтай сын болып табылады. Халықаралық экстремизм Қазақстанның ұлттық мүдделері үшін потенциалды қауіп ретінде қарастырылады, әсіресе елдің поликонфессионалды сипаты мен кейбір тұрақсыздыққа ұшырайтын мұсылман мемлекеттерімен тікелей шекаралас орналасуын ескере отырып, бұл геосаяси және әлеуметтік шындықтар Қазақстан басшылығынан исламдық факторды ішкі және сыртқы саясатты қалыптастыруда, сондай-ақ рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету стратегияларын әзірлеуде мұқият есепке алуды талап етеді.

Қазақстан Республикасы трансұлттық діни ықпалдың қауіп-қатерін ескеріп, оны реттеуге бағытталған бірқатар шаралар қабылдауда: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын (ҚМДБ) құру және қолдау, діни уағыздар мен кадр даярлауды орталықтандыру; Шетелдік миссиялар мен діни қорлар қызметін заңды түрде реттеу; Экстремистік идеологияларды бақылау және радикализммен күрес; Ұлттық дәстүр мен зайырлы құндылықтарға негізделген тұжырымдамасының тиімділігін арттыру [11].

Мұндай саясат дінді ұлттық идеологиялық жобаға біріктіру арқылы оның егемендігін қамтамасыз етуге бағыттау керек екенін көрсетеді.

#### *Дін мен идеологияны заңдастыру және олардың өзара бәсекелестік байланысы*

Қазақстанда дін ұлттық мұра мен мәдени құндылықтарды ұлықтау арқылы заңдастыру ресурсы ретінде пайдаланылады. Алайда, трансұлттық діни ағымдардың ықпалының артуымен діни бірегейлік азаматтық және этникалық бірегейлікпен бәсекелесе бастайды, бұл ұлттық сананың фрагментациясына алып келуі мүмкін. Көпұлтты және көпконфессиялы қоғам жағдайында бұл: дінді ұлттық дискуссияға интеграциялау арқылы сырттан келетін идеологиялық ықпалдарға қарсы тұру;

Діни сенім бостандығын қамтамасыз ету сияқты теңгерімді саяси түрде жүргізуді талап етеді. Бүгінгі дін, идеология ұғымын дәлірек анықтау үшін бір жағынан идеология мен дін, философия, ғылым арасындағы қатынасын қарастыру керек және идеология мен идеологиялық функцияларды ажырату қажет. Идеология жүргізетін кейбір функцияларды өзі идеология болмайтын объект деп қарауға болады. Дін де кейбір идеологиялық функцияларды орындай алады [12]. Бірақ бұл дін – идеология деген сөз емес.

Дін – идеологиялық механизмнен өзгеше, шіркеу немесе басқа діндік ұйымның құралы. Бүгінгі дін сондай-ақ идеологиядан бөлек функцияларды да атқара алады. Әдебиет пен ғылым да жиі идеологиялық функцияларды меңгерсе, идеологияға айналмайды [13]. Сонымен бірге, дін негізінен сенім күйіне сүйенеді, ал идеология оның

қағидаларын саналы қабылдауға негізделеді. Идеологияны қабылдау міндетті түрде оның ұстанымдары мен уәделерінің шын екеніне сенімді түрде қабылдауды талап етеді. Дін адамдардың жан дүниесіне суық және бейжай болуы мүмкін.

Идеология санамен, өз мінез-құлқының салдарын және өмірдің жақсырақ жағдайларын саналы немесе бейсананы есепке ала отырып қабылданады. Егер идеологияның мойындалуын, ресми растауын ешкім талап етпесе, адамдар оны уақыт өте ұмытып кетер еді. Сонымен қатар, діндер – олардың ұйымдарымен және өмірдің нақты әрекетімен, ол болмаса мағынасы жоғалады – тек ілімдер, шіркеулер мен діни жоралғылар ғана емес, менталитет саласынан әлдеқайда асып түседі. Көп жағдайда діндік ұйымдар (мысалы, христиан шіркеуі) үлкен байлыққа ие болады, соның ішінде жерлері, кәсіпорындары мен банкілері бар, шаруашылық құбылыс ретінде әрекет етеді. Кейбір жағдайларда осындай ұйымдар қарулы күшке ие болып, соғыстар жүргізіп, билікке ие болуда. Олар қазір де саяси партиялар құрады және саяси оқиғаларға белсенді түрде қатысады.

Қоғамның қазіргі жағдайы, мұнда идеология және дін қазіргі заман өміріндегі өзара жігін кейде толық ажырату үшін, дін өмір тарих сахнасына қайта шыққан және адамдардың, соның ішінде саяси кеңістіктегі, қоғамның мінез-құлқына әсер ететін маңызды құндылық көзі және реттеуші құрал ретінде маңызды рөл атқарады сондықтан мемлекеттің және конфессиялық қатынастардың адекватты модельдері жүйесін құруды қажет етеді.

Осы мәселенің зерттелу деңгейі, деректі талдаулар көрсеткендей, саясат идеология мен діннің өзара байланысы мәселесі әртүрлі салалардағы мамандарды – тарихшыларды, философтарды, саясаттанушыларды, құқықтанушыларды, теологтарды, әлеуметтанушыларды және басқаларды белгілі бір дәрежеде қызықтырған. Бұл ғылым мәселесімен өткен дәуірдің танымал ойшылдары – Августин, Аквинский, М. Вебер, Т. Гоббс, Т. Джефферсон, И. Кант, Дж. Локк, М. Лютер, Н. Макиавелли, Ш. Монтескье, Ж.-Ж. Руссо, Н.А. Бердяев, С.Н. Булгаков, А.В. Карташев қарастырған еді.

Жоғарыда аталған дінге жатпайтын мәселелер Батыс қоғамдарында үстемдікке ие бола бастады. Шіркеудің мемлекеттен бөлінуі, дінге қысым, сенімге төзімділік пен діни плюрализм – бұлардың бәрі қоғамның діни емес, идеологиялық сипатқа ауысып бара жатқанын сондай-ақ көрсететін белгілер орын алуда. Қазіргі таңда дін менталитет саласының екінші реттік құрамдасына айналды кейде ол идеологиялық қызмет атқарып, кей жағдайда тіпті онымен бәсекеге түсе бастады [14].

Трансұлттық дін идеологиялық күш ретінде Қазақстан қоғамы мен мемлекеттілігіне күрделі әрі көп қырлы ықпал етеді. Ол мәдени және әлеуметтік тәжірибелерді қалыптастырып қана қоймай, саяси бағыттар мен сыртқы саясатқа, ішкі идеологияға да әсер етеді. Бүгінгі таңда дін Қазақстанда бір мезгілде ішкі және сыртқы фактор ретінде көрініс тауып отыр – реттеуші объектісі және ықпал етудің субъектісі ретінде.

Бұл құбылысты ғылыми тұрғыдан дұрыс түсіну үшін діни ықпалдың дүниетанымдық, институционалдық және трансұлттық деңгейлерін нақты ажыратып, діни идеологиялардың қоғамдық сананы қалай түрлендіретінін зерттеу қажет. Тек осындай кешенді тәсіл арқылы қазіргі Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен идеологиялық тұрақтылығын қалыптастырудағы діннің рөлін нақты бағалауға болады.

2000 жылы Қазақстан Халықтарының Ассамблеясының VII сессиясында Н. Назарбаев «қазақстандық сананы қалыптастыру» міндетін қойып, ал соңғы жылдары 2007 жылы біртұтас, бәсекеге қабілетті қазақстандық ұлт ретінде қалыптастыратын идеологиясын

ұсынуды талап етті. Бұл идеяларды Б. Абдығалиев, А. Ахмеджанов, А. Гали, В. Курганская, А. Нысанбаев, Р. Кадыржанов және басқа да ғалымдар ғылыми тұрғыда негіздеп, дамытқан еді. Осы мәселе бойынша әр түрлі пікірлер және әртүрлі көзқарастармен ұсынылған. 2009 жылы Қазақстанда діни бірлестіктер саны көп болғанына қарамастан, халықтың тек кейбір бөлігі өзін сенуші ретінде таниды, ал көпшілігі дінге бейтарап болып келеді. Сонымен бірге, өз діни сенімін көрсетуден бастартқандардың үлесі артқан. Көпшілік үшін «ұлттық» және «діни» ұғымдары араласып кететінін байқалады, сондықтан азаматтар діни конфессиясын негізінен этникалық белгілерге сүйене отырып анықтайды. Бұл жағдай этникалық өзіндік сана Қазақстан тұрғындары үшін маңызды екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап діни саясатты тиімді мемлекеттік реттеу арқылы дамытудың бірегей моделін қалыптастырды. Бұл модель зайырлы мемлекет принциптеріне негізделіп, өзара дінаралық бейбітшілік пен келісімді түрде байланысты қамтамасыз етуге бағытталған белсенді мемлекеттік саясатпен ерекшеленеді.

Осы тұрғыдан қарағанда, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан зайырлы мемлекет моделі мен дінаралық келісім саясаты қазіргі қоғамдағы идеологиялық құрылымға және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Зайырлы мемлекет құрудың негізгі принциптері – бұл діни сенім бостандығы, діни конфессиялардың теңдігі және мемлекеттік биліктің дінге бейтараптылығы.

Зайырлы мемлекет азаматтардың діни сенім бостандығын жүзеге асыруын және діни бірлестіктердің қызметін заңды реттеу арқылы қамтамасыз етеді. Мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынастар жалпы қоғамдық қатынастар жүйесінен бөлек қарастырылмайды: діни бірлестіктер – Қазақстан қоғамының институттары болып табылады, ал сенушілер толыққанды азаматтық құқықтарға ие.

Осы контексте зайырлылық – қазіргі Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекетін құру мен оның қызметінің басты принциптерінің бірі екенін ерекше атап өту қажет. Мемлекеттік билік органдары канондық құқық негізінде емес, ата заңымыз Конституцияға сүйене отырып қызмет атқарады.

Қазіргі уақытта Конституцияның негізгі қағидаларына сүйене отырып, 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы өз күшіне еніп, азаматтардың діни сенім бостандығын жүзеге асыруға құқықтық механизм ретінде қызмет етеді [15]. Зайырлы Қазақстан жағдайында ерекше маңызды болып табылатын принцип – діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлу, соған сәйкес:

- діни бірлестіктер саяси қызмет субъектісі емес;
- олар мемлекеттік басқаруға қатыспайды және мемлекеттік органдардың құрылымына ықпал етпейді.

Конституция әрбір азаматқа сенім бостандығын кепілдейді және діни, этникалық немесе басқа да белгілер бойынша кез келген дискриминацияны тыйым салады. Сенім бостандығы – әрбір азамат үшін өз рухани құндылық жүйесін таңдау құқығын білдіреді. Азаматтардың діни сенім бостандығын қамтамасыз ету бүгінгі Қазақстан сияқты поликонфессионалды ел үшін өмірлік маңызды фактор болып табылады және оның демократиялық және құқықтық дамуының негізгі құрамдас бөлігі болып саналады.

Қазақстан халықаралық нормаларға сүйеніп адам құқықтары саласында өз діни саясатын жүзеге асыруда. Елдің нормативтік-құқықтық базасы діни бостандықты

қамтамасыз ету саласында Еуропа және әлемдік демократиялық стандарттарға сәйкес келеді. Көптеген сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның заңнамасы халықаралық ұйымдар (ОБСЕ және басқа да) қабылдаған негізгі стандарттарға және әлемдік дамыған демократиялық мемлекеттердің тәжірибесіне сәйкес келетін құқықтық негізге ие.

Бұл тәсіл дінді тек рухани-философиялық құбылыс ретінде емес, сондай-ақ Қазақстанның заманауи идеологиялық құрылымына ықпал ететін маңызды әлеуметтік-институционалдық фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Діни сенім қазіргі Қазақстанда тек мәдениет пен өмір салтының маңызды құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар ұлттық өзіндік сана мен саяси құрылымдарда әсер ететін факторға айналуға мүмкін. Коммунистік идеологияның ыдырауы, бүгінгі заманға сай ұлттық және мәдени дәстүрлердің жаңғыруы тұрғындардың дінге қатынасында күрделі қайта ойластыру процестерін туғызды.

### **Қорытынды**

Саяси идеологияға діннің екі қырынан қарастыруға болады: біріншіден, ол саяси әрекетті негіздейтін ерекше форма ретінде, екіншіден – трансценденттік күштерге жүгіну арқылы саяси белсенділікті заңдастыратын ерекше идеологиялық түр ретінде. Басқаша айтқанда, идеология мен дін – саясат пен дінді өзара байланыстыратын делдалдық форма болып табылады. Бұл құбылыс көптеген зерттеушілердің «таза» дін – яғни рухани кемелденуге бағытталған сенім түрі – мен оның саяси қызмет атқаратын түрленген нұсқалары арасындағы айырмашылықты анықтауға ұмтылысын түсіндіреді.

Ғылыми әдебиеттерде саясат, идеология және дін әдетте бастапқы діни жүйемен байланысын және сонымен қатар оның идеологиялық трансформациясын көрсететін арнайы атаулармен белгіленеді. Мысалы, отандық зерттеулерде діни термині сенімге қарамастан, нақты саяси құндылықтар бағытын қалыптастыратын діни идеологияны сипаттау үшін қолданылады.

Қорытындылай келе, дін мен идеологияның қазіргі қоғамдағы әлеуметтік рөлі көптеген аспектілерде өзара қиылысып жатқанын атап өту қажет. Дәстүрлі түрде дін идеологияға тән функцияларды орындап келген және қазіргі таңда да орындауда: компенсаторлық, консолидациялық, мотивациялық, тәрбиелік, танымдық функциялар, сондай-ақ саяси режимді легитимдеу функциясы. Идеология мен дін кейбір постулаттар мен құндылықтық бағдарлар бойынша ұқсас болуы мүмкін, алайда екеуі де әрдайым ғылыми критерийлерге сай келмейді, себебі олардың құрамына верификацияланбайтын құндылықтық тұжырымдар кіреді, дегенмен қазіргі заманғы жағдайларда олар өз позициясын негіздеу үшін ғылыми немесе псевдоғылыми деректерге сүйенуге тырысады.

Дегенмен, әлеуметтік функциялардың ұқсастығына қарамастан, дін мен идеология рухани қызметтің әртүрлі формалары болып қала береді. Негізгі айырмашылық идеологияның саясатпен имманенттік байланысында, ал діннің саяси процеске ситуативті түрде тартылуында көрінеді. Қоғамдық санадағы идеологиялық және идеологиялық емес арасындағы шекара діннің саяси және саяси емес мазмұны арасындағы демаркациялық сызық қай жерде жүргізілетініне байланысты анықталады.

Саяси-құқықтық режимді легитимдеу функциясы дін үшін екінші реттік, анықтаушы сипатта емес, идеологиядан айырмашылығы сол. Діни сананың негізгі қасиеті – әлемді трансценденттік, виртуалды шындық тұрғысынан түсіну.

Қаржыландыру. Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған (AP25793727 «Әділетті Қазақстан парадигмасының қалыптасуына зайырлылық пен діндарлық тепе-теңдігінің әсері»).

**Авторлардың қосқан үлесі:**

**Нуров М.М.** – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін нақтылау, теориялық әдебиеттерді саралау, зерттеу материалдарын жинап, талдау жүргізу, сондай-ақ жұмыстың теориялық және практикалық бөлімдері мен қорытындысын ғылыми негіздеу;

**Алияров Е.К.** – мақаланың негізгі идеясына бағыттарды айқындау, кеңес беру;

**Дузбаев Т.М.** – тақырыпқа қатысты теориялық дереккөздерді жинақтап, оларды сараптап қорыту және ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Altaikyzy, A. (2024) “The role of religion in the Islamic world during the years of independence”, Eurasian Journal of Religious Studies, 39(3), pp. 48-57.

2. Қазақстан Президенті Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезінің ашылуында сөз сөйледі (2025). Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.akorda.kz/kz/kazakhstan-prezidenti-alemdik-zhane-dasturli-dinder-koshbasshylarynyn-viii-sezinin-ashylyuynda-soz-soyledi-1784517> (Қаралған күні: 03.05.2025).

3. Алтайбаева, А.Н., Телебаев, Г.Т., Ташгын, А., Рау, И.В. (2024) «Влияние политических ценностей и тюркской идеологии в Казахстане», Journal of Philosophy Culture and Political Science, 89(3), p. 3.

4. Избаиров, А. (2025) «Казахстан: роль религии в национальном строительстве», Мысль Казахстана. Доступно по ссылке: <https://mysl.kazgazeta.kz/news/16478> (Дата обращения: 03.05.2025).

5. Байгужинов, Я., Искаков, Е., Лян, М., Мырзагали, А. (2024) «Влияние ислама на политический процесс Казахстана», Центр социальных и политических исследований «Стратегия». Доступно по ссылке: <https://www.ofstrategy.kz/ru/research/politic-research/item/843-vliyanie-islama-na-politicheskij-protsess-kazakhstan> (Дата обращения: 03.05.2025).

6. Панков, А. (2022) «Казахстанская идеология учит терпимости, в том числе в религиозном аспекте», Kazislam.kz. Доступно по ссылке: <https://kazislam.kz/ru/2022/10/aleksej-pankov-kazahstanskaya-ideologiya-uchit-terpimosti/> (Дата обращения: 03.05.2025).

7. Казахстанский опыт межконфессионального согласия (2021). Доступно по ссылке: [https://e-islam.kz/files/sionalnogo-soglasiya\\_iq6jwkz8h26kss340r7f0o/](https://e-islam.kz/files/sionalnogo-soglasiya_iq6jwkz8h26kss340r7f0o/) (Дата обращения: 03.05.2025).

8. Корм, Ж. (2012) Религиозный вопрос в XXI веке. Геополитика и кризис постмодерна. Москва: Институт Общегуманитарных Исследований, с. 214.

9. Таранюк, Ж.П. (2010) «Религия и политика, характер их взаимодействия», Василенко, И.А. (под ред.) Logos – 2010: Сборник научных статей. Москва: Издатель Воробьев А.В., с. 121-126.

10. Таранюк, Ж.П. (2010) «Взаимодействие религии и политики в обществе», Василенко, И.А. (под ред.) Logos – 2010: Сборник научных статей. Москва: Издатель Воробьев А.В., с. 126-130.

11. Таранюк, Ж.П. (2010) «Современная география ислама в контексте геополитической роли религии», Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук, (12), с. 423-426.

12. Puysäinen, I. (2002) “A Theory of Ideology: Implications for Religion and Science”, Method & Theory in the Study of Religion, 14(3-4), p. 316-333.

13. Haynes, J. (ed.) (2021) The Routledge Handbook of Religion, Politics and Ideology. 1st edn. London: Routledge.

14. Bruce, S. (2017) “The Secularization of the West”, in: Secular Beats Spiritual: The Westernization of the Easternization of the West. Oxford: Oxford University Press.

15. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы (2011) № 483-IV, 11 October 2011. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483> (Қаралған күні: 03.05.2025).

**М.М. Нуров<sup>1</sup>, Е.К. Алияров<sup>2</sup>, Т.М. Дузбаев<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Университет Туран, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Қазақстанский центр гуманитарно-политической конъюнктуры, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [markhabbatnur@gmail.com](mailto:markhabbatnur@gmail.com), [aliyarov56@mail.ru](mailto:aliyarov56@mail.ru), [dtusubzhan@mail.ru](mailto:dtusubzhan@mail.ru))

### **Взаимовлияние религии и политической идеологии в современном Казахстане**

**Аннотация.** В статье комплексно рассматривается роль и влияние религии в идеологическом пространстве современного Казахстана. Исследование анализирует духовные и социальные трансформации постсоветского периода, определяя религию как значимый фактор культурной и политической жизни общества. Авторы показывают, что религия вышла за рамки веры и традиции, превратившись в важный социальный институт, формирующий общественное сознание и национальную идеологию.

Рассматриваются процессы институционализации религиозных организаций, динамика конфессионального ландшафта и особенности их функционирования в условиях светского государства. Конфессиональное пространство Казахстана систематизируется по трём уровням: традиционные религии (ислам, православие), исторически укоренившиеся конфессии (католицизм, протестантизм, буддизм) и новые религиозные движения, распространённые в годы независимости. Межконфессиональный диалог между исламом и христианством оценивается как важный механизм поддержания духовной безопасности и общественной стабильности.

Особое внимание уделяется транснациональному контексту религиозных процессов, взаимодействию с внешними духовными центрами и их идеологическому влиянию. Научная новизна работы заключается в интерпретации религии не только как духовного феномена, но и как элемента идеологической и культурной политики современного Казахстана. Полученные результаты могут служить теоретической и прикладной основой для изучения взаимосвязи религии, идеологии и духовной безопасности в условиях глобализации.

**Ключевые слова:** религия, идеология, транснациональное влияние, национальная идентичность, духовная безопасность, светское государство, социальная стабильность, межконфессиональное согласие.

**M.M. Nurov<sup>1</sup>, E.K. Aliyarov<sup>2</sup>, T.M. Duzbaev<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Turan University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kazakhstan Center for Humanitarian and Political Trends, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: [markhabbatnur@gmail.com](mailto:markhabbatnur@gmail.com), [aliyarov56@mail.ru](mailto:aliyarov56@mail.ru), [dtusubzhan@mail.ru](mailto:dtusubzhan@mail.ru))

### **The Mutual Influence of Religion and Political Ideology in Contemporary Kazakhstan**

**Abstract.** This article provides a comprehensive examination of the role and influence of religion within the ideological space of contemporary Kazakhstan. The study explores spiritual and social transformations of the post-Soviet period, presenting religion as a significant factor in the country's cultural and political development. The author argues that religion has moved beyond the boundaries of faith and tradition to become a powerful social institution shaping public consciousness and national ideology.

The paper analyzes the institutionalization of religious organizations, the evolution of Kazakhstan's confessional landscape, and the functioning of religious institutions under a secular framework. The confessional structure is categorized into three levels: traditional religions (Islam, Orthodoxy), historically established confessions (Catholicism, Protestantism, Buddhism), and new religious movements that emerged during the independence period. The cultural dialogue between Islam and Christianity is identified as a vital element of national stability and spiritual security.

Special emphasis is placed on the transnational dimension of religion, including its interaction with external spiritual centers and ideological influences. The scientific novelty of the study lies in conceptualizing religion not merely as a spiritual phenomenon, but as an integral component of Kazakhstan's ideological and cultural policy. The findings offer theoretical and practical insights into the interconnection of religion, ideology, and spiritual security in the context of globalization.

**Keywords:** religion, ideology, transnational influence, national identity, spiritual security, secular state, social stability, interfaith harmony.

## References

1. Altaikyzy, A. (2024) "The role of religion in the Islamic world during the years of independence", Eurasian Journal of Religious Studies, 39(3), pp. 48-57.
2. Kazakstan Prezidenti Alemdik zhane dasturli dinder koshbasshylarynyn VIII s'ezinin ashlyuynda soz soyledi (2025). Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-prezidenti-alemdik-zhane-dasturli-dinder-koshbasshylarynyn-viii-sezinin-ashlyuynda-soz-soyledi-1784517> (Karalgan kuni: 03.05.2025). [in Kazakh]
3. Altajbaeva, A.N., Telebaev, G.T., Tashgyn, A., Rau, I.V. (2024) «Vlijanie politicheskikh cennostej i tjurkskoj ideologii v Kazahstane», Journal of Philosophy Culture and Political Science, 89(3), p. 3.
4. Izbaïrov, A. (2025) «Kazahstan: rol' religii v nacional'nom stroitel'stve», Mysl' Kazahstana. Dostupno po ssylke: <https://mysl.kazgazeta.kz/news/16478> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
5. Bajguzhinov, Ja., Iskakov, E., Ljan, M., Myrzagali, A. (2024) «Vlijanie islama na politicheskij process Kazahstana», Centr social'nyh i politicheskikh issledovanij «Strategija». Dostupno po ssylke: <https://www.ofstrategy.kz/ru/research/politic-research/item/843-vliyanie-islama-na-politicheskij-protsess-kazahstana> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
6. Pankov, A. (2022) «Kazahstanskaja ideologija uchit terpimosti, v tom chisle v religioznom aspekte», Kazislam.kz. Dostupno po ssylke: <https://kazislam.kz/ru/2022/10/aleksej-pankov-kazahstanskaya-ideologiya-uchit-terpimosti/> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
7. Kazahstanskij opyt mezhkonfessional'nogo soglasija (2021). Dostupno po ssylke: [https://e-islam.kz/files/sionalnogo-soglasija\\_iq6jwkz8h26kss340r7f0o/](https://e-islam.kz/files/sionalnogo-soglasija_iq6jwkz8h26kss340r7f0o/) (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
8. Korm, Zh. (2012) Religioznyj vopros v XXI veke. Geopolitika i krizis postmoderna. Moskva: Institut Obshhegumanitarnyh Issledovanij, s. 214.
9. Taranjuk, Zh.P. (2010) «Religija i politika, karakter ih vzaimodejstvija», Vasilenko, I.A. (pod red.) Logos – 2010: Sbornik nauchnyh statej. Moskva: Izdatel' Vorob'jov A.V., s. 121-126. [in Russian]
10. Taranjuk, Zh.P. (2010) «Vzaimodejstvie religii i politiki v obshhestve», Vasilenko, I.A. (pod red.) Logos – 2010: Sbornik nauchnyh statej. Moskva: Izdatel' Vorob'jov A.V., s. 126-130. [in Russian]
11. Taranjuk, Zh.P. (2010) «Sovremennaja geografija islama v kontekste geopoliticheskoi roli religii», Aktual'nye problemy gumanitarnyh i estestvennyh nauk, (12), s. 423-426. [in Russian]
12. Pyysiäinen, I. (2002) "A Theory of Ideology: Implications for Religion and Science", Method & Theory in the Study of Religion, 14(3-4), p. 316-333.
13. Haynes, J. (ed.) (2021) The Routledge Handbook of Religion, Politics and Ideology. 1st edn. London: Routledge.
14. Bruce, S. (2017) "The Secularization of the West", in: Secular Beats Spiritual: The Westernization of the Easternization of the West. Oxford: Oxford University Press.

15. Kazakstan Respublikasynyn «Dini kyzmet zhane dini birlestikter turaly» Zany (2011) № 483-IV, 11 October 2011. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483> (Karalghan kuni: 03.05.2025). [in Kazakh]

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Нуров М.М.** – PhD, Тұран университеті, Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебінің қауымдастырылған профессор-зерттеушісі, Алматы, Қазақстан.

**Алиаров Е.К.** – саяси ғылымдар докторы, профессор, Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының президенті, Алматы, Қазақстан.

**Дузбаев Т.М.** – PhD докторант, Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Нуров М.М.** – PhD, ассоциированный профессор-исследователь Высшей школы международных отношений и дипломатии университета Туран, Алматы, Казахстан.

**Алиаров Е.К.** – доктор политических наук, профессор, президент Казахстанского центра гуманитарно-политической конъюнктуры, Алматы, Казахстан.

**Дузбаев Т.М.** – PhD докторант, Кафедра политологии и политических технологий, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Nurov M.M.** – PhD, Associate Research Professor of the High School of International Relations and Diplomacy, Turan University, Almaty, Kazakhstan.

**Aliyarov E.K.** – Doctor of Political Science, Professor, President Kazakhstan Center for Humanitarian and Political Trends, Almaty, Kazakhstan.

**Duzbaev T.M.** – PhD student, Department of Political Science and Political Technologies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



**Copyright:** © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).